



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

(2000-2015) // Японские исследования. – 2017. – №1. – С. 33-45.

5. Investing in Japan // Japan External Trade Organization (JETRO). – Mode of Access: <https://www.jetro.go.jp/en/invest/ibsc/>(28.01.2018)

6. About NEXI // Nippon Export and Investment Insurance. – Mode of Access: <http://www.nexi.go.jp/en/index.html> (28.01.2018)

7. Archive – Documents // Invest Japan. – Mode of Access: http://www.invest-japan.go.jp/documents/archive/en_index.html (27.01.2018)

ӘОЖ 327

ҚАЗАҚСТАН ТУРИЗМІНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тағай Ұлжан

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар
факультетінің студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші- Батишева Б.М.

Қазіргі таңда дүниежүзілік мәнге ие болып отырған бұл сала тек көркем табиғатымен ғана шектелмей, тарих пен археологиялық қазбалардың, мәдениет пен өркениеттің, ел мен жердің, сәулет пен ескерткіштердің тартымдылығы мен ерекшеленіп отыр. Халықаралық сарапшылардың пікірінше қазіргі кезде туризм әлемдік экономикадағы қарқыны төмендемейтін саланың біріне жатады. Туризм көп елдерде жалпы ішкі өнімнің қалыптасуына, қосымша жұмыс орнын құруға және сыртқы сауда балансының белсенділігіне ықпал етеді. Соңғы жылдары туризм әлемдегі ең табысты бизнестің бірі. Туризмнің маңызы жылдан-жылға өсуде, оның халықаралық байланыста және валюталық түсім көзі ретінде маңызы артылды. Осы тұста еліміздің туристік шаңыраққа айналуына әбден мүмкін деген болжаумен келісуге болады. Себебі, біздің елдің, кең байтақ жері, өзіне тән тарихы, археологиялық қазбалары, табиғаты, мәдениеті және салт-дәстүрі бар. Бірақ бүгінгі қазақстандық туризм дамуының белсенділігі төмен. Сондықтан туризм Қазақстанда өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Туризм Қазақстан экономикасындағы қарқынды салалардың бірі, халықаралық сарапшылардың пікірінше қазіргі кезде туризм әлемдік экономикадағы қарқыны төмендемейтін саланың біріне жатады. Туризм көп елдерде жалпы ішкі өнімнің қалыптасуына, қосымша жұмыс орнын құруға және сыртқы сауда балансының белсенділігіне ықпал етеді. Соңғы жылдары туризм әлемдегі ең табысты бизнестің бірі. Туризмнің маңызы жылдан-жылға өсуде, оның халықаралық байланыста және валюталық түсім көзі ретінде маңызы артылды. Туризмнің басқа да салаларға тигізетін әсері мол, оның 32 салаға жанама ықпалы бар. Бұл дегеніміз әлемдік өндірісте әр 9- адамның жұмыс орны деуге болады.

Жалпы туризм саласының дамуына ықпал ететін факторлар:

- кез-келген елде, Қазақстанда да туристік рекреациялық ресурстың болуы;
- туризмге тура немесе жанама салалардың және кәсіпорындардың дамуы;
- сыртқа шығу туризмнің елге шетелдік валютаны тартуы;
- аз мөлшерде шығын шығарып табыс табу;
- алғашқы өндіріс факторын қамтамасыз етудегі шығынның болмауы; -халықты жұмыс орнымен қамтамасыз ететін орта және шағынбизнестің дамуы;
- қызмет көрсету секторының өсуі;
- елдің әлемдік қауымдастыққа белгілі болуы және бет-бейнесінің қалыптасуы.

Қазіргі таңда дүниежүзілік мәнге ие болып отырған бұл сала тек көркем табиғатымен ғана шектелмей, тарих пен археологиялық қазбалардың, мәдениет пен өркениеттің, ел мен жердің, сәулет пен ескерткіштердің тартымдылығы мен ерекшеленіп отыр. Осы тұста еліміздің туристік шаңыраққа айналуына әбден мүмкін деген болжаумен келісуге болады. Себебі, біздің елдің, кең байтақ жері, өзіне тән тарихы, археологиялық қазбалары, табиғаты,

мәдениеті және салт-дәстүрі бар. [1]

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі қазіргі кезде туризмнің жаппай дамуын тежеп отыр. Қазақстандағы туризмнің даму бағыты шоп-туризмді ұйымдастырумен байланысты, яғни материалдық қажеттіліктен туындап отыр. Қазіргі кезде ТМД елдерінде туристерді тарту үлкен бәсекеге ие болып отыр. Көрші елдер Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Монғолия туризмді дамытуға барлық күшін салуда, және қазір Қазақстанды басып алуда.

Туризмнің даму барысына Қазақстанның 1993 жылы ӨТҰ- на кіруінің маңызы зор болды. Елімізде туризмнің дамуына көңіл бөлінуде және туризмнің ролін түсінуде. Айта кететін бір жағдай, Республикада туризм дамуының үлкен концепциясы құрылуы « Ұлы Жібек Жолының» жаңғыруы. Қазақстанда туризмнің дамуын дұрыс жолға қою тек табыс алып келу ғана емес, еліміздің басқа елдермен байланысы нығайып, бет бейнесі қалыптасады. Қазақстандағы туризмнің тарихи алғы шарттары біздің д.д.үшінші мың жылдықта қалыптаса бастаған Ұлы Жібек жолының қалыптасуымен дамуы болып табылады.

Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін туризм басқада экономика салалары сияқты орталықтан қатаң регламенттелді. Туристік қызметтегі КСРО — ның негізгі аймақтары Кавказ, Қырым, Балтық өңірі, Ресейдің, Орта Азияның тарихи орталықтары болды. Сонымен, бірге, Қазақстанның бірқатар сәулет, археологиялық, мәдени ескерткіштері мен табиғи көрнекті жерлерінің тарихи мәніне іс жүзінде жарнама жасалмады және сұраныс болмады. Кеңестік кезеңде Қазақстандағы туризм идеологиялық қызметті атқарған мәдени-ағарту жұмысы жүйесі элементтерінің бірі болып саналды және оның басым рөліне қарамастан, қалдық қағидаты бойынша қаржыландырылды және елеулі экономикалық маңызға ие болмады.

Қазақстанда туризм өндірісінің дамымай қалуының бір себебі экономика саласы ретінде онымен мемлекеттік деңгейде тікелей айналыспады. Туризмді аумақтық ұйымдастыру және мемлекеттік емес туристік құрылымдарды кешенді болжауға, ұзақ мерзімді жоспарлауға назар аударылмады. Туризм табысының үлкен бөлігі жергілікті бюджетке түсетіндігіне қарамастан, жергілікті басқару органдарының тарапынан туристік қызметті басымдық деп танымауы саланы дамытуды тежеуші фактор болып табылады.

Туризм дамуының бағалы индустриясы ең алдымен шет елдік туристерді тартумен байланысты. Бірақ неліктен бізге шет елден келіп демалушылар саны аз? Себептер жалпыға мәлім. Себебі шет елдіктер Қазақстан жайлы аз біледі. Өкінішке орай, туристердің көпшілігінің әуелі танысып өтетін интернет беттерінде Қазақстанның барлық туристік жерлері туралы біліп, танысуларына мүмкіндік жоқтың қасы. Қызығушылық тудыратындай айтылмаса, жазылмаса, көрсетілмесе шетелдік емес, жергілікті азаматтардың да жеріміздің әсем жерлеріне баруы қиын-ақ, және еліміздің ішкі туризмі өкінішке орай әзірге мақтанып айтарлықтай дәрежеде емес. Сол себепті де Қазақстанда қазіргі таңда көтеріліп жатқан өзекті мәселелердің бірі – туризм болып табылады.

Қазақстанда әуе жолдары да жақсы дамыған, бірақ авиабилет бағасының қымбаттығы Қазақстанның туристік өнім бағасын үлкейтеді, ол сәйкесінше халықаралық рынокта бәсекелестігін төмендетеді. "Мұнай өнімдерін өндірмейтін Қырғызстанда авиабилет құны мұнайлы ел Қазақстандікімен салыстырғанда екі есе арзан" деген болатын қазақстандық турфирмалар.[2]

Негізінен туризмді дамыту көп қаржылай салымды талап етеді. Бұл жағдайдың теріс қыры Қазақстанның туризм объектісі ретінде имиджінің қалыптасуының концепциясының жоқтығынан күшейе түсті. Квалификацияландырмаған басқару басқа проблемаларды тудырды; әкімшілік формальды істердің қиындауы (визалар, шетелдік азаматтарды тіркеу, кеден процедуралары), дамымаған инфрақұрылым, қатаң салықтық режим, тұрғылықты халықтың туристерді бейбітшілікпен қабылдамауы. Тіпті интернет жүйесінде Қазақстанды туристерге қауіпті елдердің тізіміне кіргізген мәліметтер де шыққан.

Қазақстандағы туризмнің дамуы оның дамуына кедергі келтіретін көптеген

факторларға байланысты:

- туристік саланы құқықтық қамтамасыз ету;
- мемлекеттің мемлекеттік шекарасын кесіп өтетін паспорттық және визалық ресімдеу;
- облыстың тартымдылығының көрсеткіші ретінде инфрақұрылымды дамыту деңгейі;
- рекреациялық ресурстардың және ұсынуға болатын туристік өнімнің жай-күйі;
- көрсетілетін қызметтердің сапасына сәйкес келмейтін туристік өнімнің құны;
- шетелдік туристер арасында жарнама жарамсыздығы.

Сонымен қатар, туристік объектілердің оқшауланған жерлерінде немесе туристік бағдарлардың торапты нүктелерінде орналастыру жағдайларының болмауы бұқаралық сырттан келушілер туризмін және ішкі туризмді дамытуға кедергі келтіреді. Нәтижесінде ішкі туризмде ұзындығы 400 – 500 км болатын бір күндік турлар басым болып келеді, ал бұл – жолға көп уақыт шығындалатынын куәландырады. Мұндай сапарлар жалықтырады, туристердің көпшілігінде жағымсыз естеліктер қалдырады.

Тағы бір шешімін талап ететін проблеманың бірі әлемдік қаржы дағдарысы жағдайында отандық инвесторлар тәуекелге бармайды және туристік объектілердің құрылысына одан әрі қаражат салмайтын болады. Туризм инфрақұрылымын дамыту үшін туристік ұйымдарға жеңілдіктер беру және ұзақ мерзімді несиелеу механизмін жасау бәсекеге қабілетті туризм индустриясын дамытуға инвестициялар көлемінің өсуіне ықпал жасайды.

Туризмді дамытуды басты жолға қоятын елдерде әдетте, туристік инфрақұрылымды, оның ішінде қонақ үйлерді дамытуды ынталандыратын заңнамалық сипаттағы шаралар қабылданады. Бұл ретте, мемлекеттік органдар және қаржы мекемелері туризмге салынған инвестициялар жаңа жұмыс орындарын ашады, белгілі бір кіріс әкеледі дегенге сүйенеді. Сондықтан да көптеген елдерде шетелдік және ішкі инвестицияларды тартуға ықпал жасайтын, айталық оларға салық жеңілдіктерін белгілеу сияқты заңнамалық шешімдер қабылданады.

Қолдаудың негізгі шараларына, мысалы қонақ үй саласында мыналар жатады:

- құрылыс үшін жер учаскесін бөлуге көмек;
- маркетингтік зерттеулер жүргізуге көмек;
- жоғары кредиттік ставкалар бойынша күрделі салымдарды қайтару;
- жобаның бастапқы кезеңіндегі шығындарды жобадан табыс алу кезеңіне жатқызу (төлемдердің мерзімін ұзарту);
- жобалар инфрақұрылымын мемлекеттің дамытуы;
- елде өндірілмейтін жобалау жабдықтарын жеткізу кезіндегі салықтық және кедендік жеңілдіктер.

Американдық сарапшылар компаниясы Austin Associates және Гарворд университетінің сарапшылары Қазақстан туризмінің дамуының 5 кедергісін атап өтті:

- Квалификациялы кадрлардың жетіспеушілігі;
- Әлсіз инфрақұрылым;
- Әкімшілік тосқауылдар;
- Маркетингтің жоқтығы;
- Қаржы ресурсының проблемасы.

Осы айтылған мәселелерге қарамастан елдің туристік сала үшін кадрлар даярлайтын жоғары оқу орындарында Дүниежүзілік туристік ұйым ұсынған «WTO-TedQual» туристік білім беру сапасы жүйесін енгізу проблемалық мәселе күйінде қалып отыр.

Өңірдің туризм орталығы болуды жоспарлап отырған Қазақстанға, қызмет көрсету секторында талап етілетін орта және жоғары буындағы білікті кәсіби мамандардың жетіспеушілігі ерекше өткір байқалатын туризм индустриясы саласында кадрларды даярлау жүйесін жетілдіру жөнінде шаралар кешенін қабылдау қажет.

Қазақстанда экологиялық туризм жақсы әлеуетке ие, бірақ жеткілікті дамымаған. Қазақстанның аумағында 118 ерекше қорғалатын табиғи аумақ бар, оның ішінде 11-і мемлекеттік ұлттық парк, оларда экотуризмді дамытуға бағы Ұлы Жібек жолының

қазақстандық учаскесі тарихи ескерткіштердің, археология, сәулет, қала құрылысы және монумент өнері ескерткіштерінің бірегей кешенін білдіреді. Олар тек сауда орталықтары ғана емес, сондай-ақ ғылым мен мәдениеттің орталығы болған Отырар, Тараз, Сайрам, (Испиджаб), Түркістан (Яссы), Баласағұн және басқа да көне қалалар болып табылады.

Қазақстан бірегей табиғи-минералдық және климаттық ресурстарға ие бола отырып, емдеу-сауықтыру және тау шаңғысы туризмін де дамыта алады

Әлемдік деңгейдегі туризмнің жан-жақты дамуына бағытаушы туризм емес, туризмнің дамуына мемлекеттің қоғамдық деңгейі әсер етеді. Профессор Ж.Казаның айтуынша: «бұл салада байлық байлыққа қарай жүреді, ал теңсіздік тек жоғалтуы мүмкін.» Әлемдік деңгейде туризм өркендеген елдерде туризмнен түскен табыс мемлекеттің және халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға кетеді екен. Мысалы:

-қонақ үй, автокөлік, құрылысқа қажетті құрал-жабдықтар сатып алуға;


-шетел мамандарына ақы төлеуге;

-өнімдерді импорттауға;

-тұрмыстық қажеттіліктер үшін құрал-жабдықтар сатып алуға.

Осындай қосымша пайда табу мемлекеттің экономикалық тұрғыдан дамуына, ұлттық табыстың артуына, жергілікті туристік өнімдердің шетелге тартылуына мүмкіндік береді. Сондықтан Қазақстанда туризм индустриясын дамыту жұмыстарын жандандырылуда.[3]

2016 жылғы қаңтар-желтоқсанда курорттық аймақтарда 715,8 мың ішкі және 15,0 мың кіру келушілері келді. [4]



Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Егемен Қазақстан газеті 14.07.2007
1. Қазақ энциклопедиясы 5 том, 2010ж,34-48б.
2. https://massaget.kz/mangilik_el/40929/
3. www.stat.gov.kz

УДК 327

ПРОБЛЕМА ОСТРОВОВ СПРАТЛИ В КОНТЕКСТЕ КОНФЛИКТОВ В ЮЖНО-КИТАЙСКОМ МОРЕ

Темиров Ануар Еренович

temirov.ir@gmail.com

студент 4 курса факультета Международные отношения

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Г.М. Какенова

Южно-Китайское море представляет собой полузамкнутое море, являющееся частью Тихого океана. В акватории моря находится более 250 различных островов, рифов, отмелей.